Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақтелеком" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Мердігер осы Шарттың 1.1-тармағына және Шартқа №2 қосымшаға сәйкес өзіне тапсырылған жұмыстар көлемін толық орындауға, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап жұмыстарды орындауға кірісуге және Шартқа №1 қосымшада көрсетілген мерзімде жұмыстарды орындауды аяқтауға міндеттенеді. Орындалған жұмыстар актілерін тапсыру кезінде Мердігер материалдарының құны бірлік бағалар каталогындағы (бұдан әрі – ББК) материалдардың құнынан аспауға тиіс.

1.3. Жұмыстарды орындау орны – Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес.

1.4. Жұмыстар Мердігердің қаражаты есебінен орындалады. Жұмыстарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде материалдарды, бөлшектерді, конструкциялар мен жабдықтарды жеткізу міндеті, сатып алу талаптарында материалдарды Тапсырыс берушінің ұсынуы көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігерге жүктеледі.

1.5. Мердігер шартқа қол қою арқылы Шартты жасасу және орындау үшін барлық қажетті өкілеттіктері, ресурстары және рұқсат құжаттары бар екенін растайды.

1.6. Мердігер жобалау-сметалық құжаттамамен танысқанын және Шартқа қол қойылған күні жұмыстарды орындау көлемі мен шарттарына ескертулер жоқ екенін растайды.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін Тапсырыс беруші орталықтандырылған жеткізу материалдарын (бұдан әрі — ОЖМ) 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынады. ОЖМ құны осы Шартқа № 2 қосымшада көрсетілген. (Егер осы талап сатып алу шарттарында көзделген болса, осы тармақ қолданылады).

2.2.1. Осы шарттың жалпы сомасы ОЖМ ескере отырып [Шарттың сомасын] ([шарттың жазбаша сомасы]) [валютаны] құрайды (Осы талап сатып алу талаптарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

2.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.4. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.4.1. Аванстық төлем (алдын ала төлем) ҚҚС-сыз _____ % мөлшерінде Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем), Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, аталған аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді.

2.4.2. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжат(тар) ұсыну

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

негізінде 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі:

2.4.2.1. Төлем шоты.

2.5. Орындалған жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптардың Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.5.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактуралар;

2.5.3. Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күн Тапсырыс берушінің Веб-порталда қол қойған күні болып есептеледі;

2.5.4. КС-3 нысанындағы орындалған жұмыстардың құны мен шығындарының анықтамасы (егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, осы тармақ қолданылады);

2.5.5. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде, егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, қолданылады);

2.5.6. Сәйкестік туралы декларация (түпкілікті есеп айырысу кезінде, егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, қолданылады);

2.5.7. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды (түпкілікті есеп айырысу кезінде, егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, қолданылады);

2.5.8. Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды (түпкілікті есеп айырысу кезінде, егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, қолданылады);

2.5.9. Салынған объектіні қабылдауға дайындық туралы қабылдау комиссиясының қорытындысы (түпкілікті есеп айырысу кезінде, егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделген болса, қолданылады).

2.6. Құрылысқа байланысты жұмыстар орындалған жағдайда, шарт бойынша төлем мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.6.1. Тапсырыс беруші Тараптар қол қойған 2В және КС-3 нысандары бойынша тиісті кезеңдегі орындалған жұмыстар актілері мен олардың құны негізінде, ұсынылған актінің күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде берілген аванс сомаларын есепке жатқыза отырып, Мердігермен есеп айырысуды жүргізеді және Мердігерге тиесілі әрбір төлемнен орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары құнының 10 %-ын (ҚҚС-пен) ұстап қалады.

2.6.2. Шарттық бағаның 90 %-ынан аспайтын сома (ҚҚС-пен) төленуге жатады, қалған 10 %-ы (ҚҚС-пен) объектіні пайдалануға беру туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылғаннан кейін төленеді. Орындалған жұмыстар үшін түпкілікті есеп айырысуды Тапсырыс беруші анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, жұмыстар толық аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіппен ресімделген қабылдау комиссиясының түпкілікті актісі және жұмыстарды орындау барысында пайдаланылмаған ОЖМ қалдықтарын Тапсырыс берушінің қоймасына қайтару негізінде күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүргізеді.

2.7. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Мердігердің дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.9. Нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

2.10. ҚҚС салық міндеттемесінің туындауына және мердігердің шот-фактураны ұсынуына қарай Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша төленеді (бұл тармақ ҚР резиденті контрагент болған жағдайда қолданылады).

2.11. Шарт бойынша төлемдер сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейрезиденттердің кірістерінен ұстап қалуға жататын салықтар сомасына азайтылады. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтың ұсталғанын растайтын құжатты алуға құқылы. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші елінің тиісті мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғаларының табыс салығын қайтару немесе азайту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденті (Мердігердің атауы) (Мердігердің резиденттік елін көрсету) елінде табыстың түпкілікті алушысы болып табылатынын растайды. Қазақстан Республикасы мен (Мердігердің резиденттік елін көрсету) арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны (бұдан әрі – Конвенция) қолдану мақсатында Мердігер

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мыналарды ұсынады: – табыс төленгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апостиль қойылған не заңдастырылған салықтық резиденттікті растайтын анықтаманы (түпнұсқасын/нотариат куәландырған көшірмесін); – бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, нотариат куәландырған құрылтай құжаттарын (құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмелерді), сондай-ақ MLI (Multilateral Convention to Implement Tax Treaty Related Measures to Prevent Base Erosion and Profit Shifting) қолдану үшін қажетті қосымша мәліметтерді. Егер шет мемлекеттің заңнамасы талаптарына сәйкес бейрезиденттің құрылтай құжаттары болмаса немесе оны сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта) тіркеу міндеті көзделмесе, мұндай бейрезидент салық агентіне өзін құруға негіз болған, заңдық күші өзі тіркелген шет мемлекеттің тиісті органы растаған шет мемлекеттің құжатын (актісін) ұсынады; – Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға әкеп соғатын күнтізбелік 183 күн мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетпейтіні және/немесе жұмыстар орындамайтыны туралы растау хатын. Мердігер қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының салық резиденттері болып табылмайтын өзінің жұмыскерлерінің немесе басқа да жалданған персоналының кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жиынтығында күнтізбелік жүз сексен үш күннен артық болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Мердігер Конвенцияны заңды түрде қолдануға қойылатын талаптарды бұзған немесе сақтамаған жағдайда, егер мұндай бұзушылық фактісін Қазақстан Республикасының салық органы анықтаса немесе аудиторлық компанияның қорытындысы негізінде мұндай бұзушылық тәуекелі айқын (жоғары ықтимал) болса және соның салдарынан Тапсырыс беруші салық агенті ретінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын бейрезиденттердің кірістерінен тиісті салықты төлеуге міндетті болса, Мердігер осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын бейрезиденттердің кірістерінен нақты төлеген салық сомасын Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

2.12. Шартты және басқа да ілеспе құжаттарды орындау кезінде туындайтын Банктік шығыстарды Тапсырыс беруші ел аумағында, Тапсырыс беруші ел аумағынан тыс жерде - төлем алушы төлейді (2.12 және 2.13-тармақтар, егер ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда қолданылады).

2.13. Төлем осы Шартта көрсетілген банктік деректемелер бойынша жүргізіледі.

2.14. Шарттық баға ведомосінде міндетті түрде Мердігердің салынған құрылыстарды қаланың (ауданның) қатаң топографиялық негізіне түсіруге жұмсалатын шығындары көрсетіледі.

2.15. Осы бапқа сәйкес Мердігер өз міндеттемелерін орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық шығыстар мен төлемдер мердігерге жүктеледі және шарттық бағамен қамтылған және жабылатын ретінде қаралады. Мердігермен есеп айырысу кезінде, жобадағы өзгерістерге байланысты ЖСҚ-да көзделмеген материалдардың құны қымбаттаған жағдайда, Тапсырыс беруші растайтын құжаттарды талап етуге құқылы.

2.16. Қысқы уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған шығындар жұмыстар жүргізілген жыл мерзіміне байланысты орындалған жұмыстар үшін есептеледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шартқа №1 қосымшада, ал Жұмыстарды орындау талаптары осы Шартқа №2 қосымшада айқындалады.

3.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар актісіне сәйкес және Шартқа №1 және №2 қосымшаларда белгіленген талаптарға сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күні Жұмыстардың орындалған күні болып есептеледі.

3.3. Жұмыстар Мердігер оларды осы Шартқа қосымшаларда белгіленген талаптарға сәйкес Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп есептеледі.

3.4. Қосалқы мердігерлермен шарттар Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен жасалады. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды тартылған қосалқы мердігерлер тиісінше және сапалы орындағаны үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болуға міндеттенеді. Тапсырылған жұмыстар шеңберінде олардың қызметін бақылауды жүзеге асырады және үйлестіреді. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді және Мердігерді осы Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

3.5. Мердігер жұмыстарды орындау барысында үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін жауап береді.

3.6. Жұмыстарды ай сайын актілеген жағдайда орындалған жұмыстардың актісін Мердігер әр айдың 20-күнінен кешіктірмей жібереді (егер сатып алу шарттарында көзделсе).

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.2. Алынған, бекітілген және келісілген ЖСҚ-ға, шарттық бағаға, құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Шартта және оған қосымшаларда көзделген талаптармен Жұмыстарды тиісті түрде, толық көлемде, белгіленген көлемде және мерзімдерде (1.2-тармақ және 6-бөлім) орындауға және тапсырылған жұмыстарды (Объектінің тапсырылған бөлігін немесе жұмыстарды) қабылдау комиссиясының актісі бойынша Тапсырыс берушіге тапсыруға (мұндай талап сатып алу шарттарында көзделсе, осы тармақ қолданылады);

4.1.3. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылық есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), ғимараттарды (құрылыстарды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, Жұмыстарды орындау. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді тең мәнділеріне ауыстыруға құқылы.

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Осы Шарттың 4.1.6-тармағында көзделген талаптарға қосымша, Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, оның ішінде жазатайым оқиғалар мен авариялық жағдайлардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға, жұмыскерлерді қажетті жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз жұмыскерлері мен тартылған қосалқы мердігерлердің өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, Мердігер оларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жоюға және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Тапсырыс берушінің талаптарын орындауға міндеттенеді. Мердігер көрсетілген талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге міндеттенеді.

4.1.8. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, аварилар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.12. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.13. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімімен _____ түрінде аванстық (алдын ала төлемді)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуге. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі.

4.1.14. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Шарттың жалпы сомасының 1.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігітүрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге. Егер Мердігер Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, бұл міндеттеме оған қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған жағдайлары бұған жатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.15. Осы Шартты орындауға тартылатын жұмыскерлерге тендерлік өтінім құрамында көрсетілген мөлшерде жалақыны Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне белгілеуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, _____ күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті. (Әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі (шектері) Тәртіпке № 5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес тендерлік құжаттамада белгіленген жағдайда қолданылады.)

4.1.16. Шартты орындауға тартылған Мердігер жұмыскерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарды ұлғайтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, _____ күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті. (Тәртіптің 59-бабының 1-тармағында көзделген тиісті негізге сәйкес шарт жасалған кезде және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізілген кезде қолданылады.)

4.1.17. Жұмыстарды орындауға белгіленген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өндірістік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан және білімін тексеруден өткен мамандарды ғана жіберу (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын жағдайларда);

4.1.18. Мердігердің және (немесе) бірлесіп орындаушының жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өзінің қарамағында өнеркәсіптік, өндірістік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы жеке қызметі және (немесе) мамандары болуын қамтамасыз етуге (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді);

4.1.19. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімдік медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландырудан өткізуге (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді);

4.1.20. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді).

4.1.21. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды өнім берушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды (болған кезде);

4.1.22. Тұтастай алғанда объектіні қорғауға және Тапсырыс берушінің материалдарының сақталуына жауапты болады.

4.1.23. Мердігер ОЖМ-ны жүкқұжат және сенімхат бойынша алған күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды. Тапсырыс берушінің материалдарының құны жобалау-сметалық құжаттамаға (бұдан әрі – ЖСҚ) сәйкес есептеледі, сондықтан тапсырыс берушіден материалдарды нақты алған кезде түзетулер енгізуге болады. Алынған материалдарды жұмыстар жүргізілетін жерге дейін тасымалдау Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады (сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4.1.24. Залал келтірілген жағдайда, Тапсырыс берушіге оны өтеу. Мердігер қоршалған құрылыс алаңының аумағында, оның ішінде Тапсырыс беруші берген материалдар мен жабдықтардың, техниканың және басқа да мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін өзіне алады, сондай-ақ Тапсырыс беруші оны қабылдағанға дейін орындалған жұмыстың нәтижелері үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жауапты болады.

4.1.25. Тапсырыс беруші ұсынған материалдардың, жабдықтардың немесе ЖСҚ-ның жарамсыздығы немесе сапасыздығы, Тапсырыс берушінің жұмысты орындау тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың ол үшін ықтимал қолайсыз салдары, сондай-ақ орындалатын жұмыстың тиісті сапасына зиян келтіруі не оны Шартта белгіленген мерзімде аяқтауға мүмкіндік бермеуі мүмкін, сондай-ақ Мердігерге байланысты емес өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге және Тапсырыс берушіден нұсқаулар алғанға дейін құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұруға міндетті.

4.1.26. Барлық ескертулер жойылып, объектіні пайдалануға беру актісіне қол қойылғаннан және алынған материалдар бойынша салыстыру актісі ресімделгеннен кейін мердігер 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің қоймасына осы объект бойынша орталықтандырылған жеткізілім материалдарының қалдықтарын қайтаруға міндетті (сатып алу шарттарында және (немесе) тәртіппен өзге тәртіп белгіленбеген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4.1.27. ОЖМ көрсетілген мерзімдерде қоймаға қайтарылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші қайтарылмаған материалдардың құнын олардың нарықтық құны бойынша резервтелген сомадан бес есе мөлшерде ұстап қалуға құқылы. Егер қайтарылмаған материалдардың құны резервтелген сомадан асып кетсе, мердігер 10 (он) күнтізбелік күн ішінде айырмашылықты Тапсырыс берушінің есеп шотына аударуға міндетті.

4.1.28. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамаларға мерзімді аудит (тексеру) жүргізуге мүмкіндік беруге міндеттенеді.

4.1.29. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқару.

4.1.30. Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі бойынша орындалған жұмыстарды тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беру (сатып алу шарттарында және/немесе тәртіппен өзгеше тәртіп белгіленбеген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4.1.31. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін мердігер тартқан адамдарды қоспағанда, Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғаларға ұсынылған ақпаратты ешкімге жария етпеуге тиіс. Аталған тұлғалар үшін ақпарат құпия түрде және шартта көзделген міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада берілуге тиіс.

4.1.32. Жұмыстардың орындалу барысын бәсеңдететін немесе жұмыстардың одан әрі орындалуын мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау қажет.

4.1.33. Құрылысқа байланысты жұмыстар орындалған жағдайда Мердігер міндеттенеді (сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады):

4.1.33.1. Тапсырыс берушіге есепті айдың 20 (жиырмасыншы) күніне дейінгі мерзімде тексеруге және келісуге орындалған жұмыстарды қабылдаудың тиісті түрде ресімделген актілерін және олардың құнын 2В және КС-3 нысаны бойынша (пайдаланылатын материалдарға шот-фактураларды ұсына отырып) ұсыну.

4.1.33.2. Жасырын жұмыстар актілерін жасай отырып, жасырын жұмыстар жүргізу кезінде, сондай-ақ кәбілдердің аралық және түпкілікті электрлік өлшеулерін жүргізу кезінде, электрлік өлшеулер хаттамаларына міндетті түрде қол қоя отырып, Тапсырыс беруші мен пайдаланушы ұйымның техникалық қадағалауын тарту.

4.1.33.3. Құрылыс алаңын және оған іргелес көше белдеуін күтіп ұстауға және тазалауға жауапты. Пайдаланылатын жер учаскелерінің жабындарын жоспарлауды және қалпына келтіруді орындау. Ғимараттарда және оларға іргелес учаскелерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезінде этикет ережелерін, жұмыстар аяқталғаннан кейін тазалық пен тәртіпті сақтау.

4.1.33.4. Құрылыс алаңына қажетті материалдарды, жабдықтарды, конструкцияларды, жинақтаушы бұйымдарды, құрылыс техникасын жеткізу. Мердігер объектіге жеткізілуі тиіс мердігер жеткізетін барлық материалдарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты. Жеткізу тек Мердігердің атына жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және көлік құралдарының тоқтап қалуына байланысты шығындар үшін жауап бермеуі керек. Ешқандай жеткізілім Тапсырыс берушіге жіберілмеуі керек.

4.1.33.5. Орындалатын жұмыстардың кездейсоқ қымбаттау тәуекелін көтеру. Мердігер орындалған жұмыстарды қорғауды және шартты орындауға байланысты барлық материалдарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырмен, су тасқынымен, аязбен, өртпен, ұрлықпен және өзге де себептермен байланысты жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Жоғарыда айтылғандарға байланысты мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

4.1.33.6. Жұмыстар аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей, Мердігер атынан объектіні тапсыруға жауапты тұлғаны көрсете отырып, орындалған жұмыстардың қабылдауға дайын екендігі туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету.

4.1.33.7. Дайын объектіні Тапсырыс берушіге шартта белгіленген мерзімде тапсыру және объект бойынша қажетті атқарушылық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құжаттаманы 2 данада және электрондық жеткізгіште беруге.

4.1.33.8. Жабдықтар мен материалдарды сатып алмас бұрын, осы жұмыс жобасында қолданылатын жабдықтар мен материалдардың түрін Тапсырыс берушімен келісу.

4.1.33.9. Тапсырыс берушіге оның сұрауы бойынша жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпарат беру.

4.1.33.10. Өз есебінен сол материалдарды немесе олардың бөліктерін қайта жасау немесе ауыстыру немесе Тапсырыс беруші қолайсыз деп таныған жұмыстардың бір бөлігін қайта жасау.

4.1.33.11. Осы Шартты жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдар мен жабдықтарды қолдану. Мердігердің жабдықтары жаңа немесе жақсы жағдайда болуы керек, сондай-ақ жұмыс Шартта көрсетілген мерзімде толық орындалуы үшін осындай қуат пен дизайн болуы керек. Мердігердің барлық жабдықтары заманауи және жұмыстарды қауіпсіз және тиімді орындау үшін жарамды болуы керек. Барлық осындай жабдықты тапсырыс берушінің өкілі мезгіл-мезгіл тексеруге тиіс. Қауіпті жағдайда деп танылған кез келген осындай жабдықты мердігер жұмыс жүргізілетін жерден дереу алып тастауы және Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз және жұмыстардың аяқталуын кешіктірмей ауыстыруы немесе жөндеуі тиіс.

4.1.33.12. Жұмыс кезеңін немесе жұмыстардың толық көлемін орындау аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге: ҚНЕ мен Тапсырыс берушінің талаптарында көзделген көлемде атқарушылық құжаттаманы, құрылыс материалдарын зертханалық сынау хаттамасын, материалдар мен жабдыққа сәйкестік сертификаттарын және дайын өнімнің паспортын ұсыну. Құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге шартта көзделген кепілді кезеңге орындалған жұмыстардың сапасына кепілдік беру талаптарын және барлық кемшіліктерді, ақауларды жою тәртібін қамтитын кепілдік хат ұсыну.

4.1.33.13. Қоршалған құрылыс алаңының аумағында объектіні, материалдарды, жабдықтарды, құрылыс техникасын және басқа да мүлікті құрылыс басталғаннан бастап оны аяқтағанға дейін және объектіні тапсырғанға дейін күзетуді жүзеге асыру.

4.1.33.14. Қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде объектіні құрылыс алаңынан тыс қабылдау туралы акт, оған тиесілі құрылыс машиналары мен тетіктері, көлік құралдары және басқа да мүлік шығарылсын.

4.1.33.15. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастамас бұрын Мердігер Тапсырыс берушіге және техникалық қадағалау өкіліне пайдаланылатын материалдарға сапа сертификатын ұсынады.

4.1.33.16. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізер алдында Мердігер Тапсырыс берушіге осы объектідегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді сақтауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынуы қажет.

4.1.33.17. Мердігер өзіне алған жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті көлемде электрондық аспаптар мен мамандандырылған техниканың қажетті паркінің болуы міндетті.

4.1.33.18. Мердігер құрылыс-монтаж жұмыстары барысында бөгде ұйымдармен барлық келісімдерді қамтамасыз етеді.

4.1.33.19. Мердігер жұмыстарды орындауды бастамас бұрын Тапсырыс берушіге құрылыс-монтаждау жұмыстарына хабарлау және талон алу үшін құжаттаманы ұсынуы қажет. Мердігер жұмысты бастамас бұрын жергілікті атқарушы органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы ресми түрде хабарлауы қажет.

4.1.33.20. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шартты не ол бойынша кез келген құқықтар мен міндеттерді толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға беруге, қайта ресімдеуге немесе табыстауға құқылы емес. Мұндай келісімді беруден негізсіз бас тартуға жол берілмейді. Тапсырыс берушінің көрсетілген келісімді беруі Мердігерді осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше, сапалы және уақтылы орындау жауапкершілігінен босатпайды. Мердігер өзі тартқан үшінші тұлғалардың әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін өзінің әрекеттері мен әрекетсіздігі сияқты Тапсырыс беруші алдында толық жауапты болады, оларды тартуға Тапсырыс берушінің келісімінің болуына немесе болмауына қарамастан, осы Шарт бойынша барлық міндеттемелердің толық көлемде орындалуына жауапты болып қалады.

4.1.33.21. Мердігер жұмыстарды жүргізу орындарында техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру үшін жауапты тұлғаларды бұйрықпен тағайындайды.

4.1.33.22. Шартқа қол қойылғаннан кейін мердігер жұмыс алаңында болатын өз жұмыскерлері туралы жазбаша түрде ақпарат беруі керек (әрқайсысының аты-жөнімен). Бұл рәсім адамдар ауыстырылған кезде қайталануы керек.

4.1.33.23. Мердігер осы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындаудан толық немесе ішінара бас тартқан сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

4.1.33.24. Жобалық құжаттамадан және ҚНЕ-ден ауытқулар анықталған кезде жазбаша нұсқама беру.

4.1.33.25. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалу барысы мен сапасына қатысты жұмыстарды жүргізу журналына ескертулер енгізу.

4.1.33.26. Жобалау-сметалық құжаттамадан кез келген ауытқуларды Тапсырыс беруші бекітуі және келісуі тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.34. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті барлық ресурстар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, үшінші тұлғалар авторлық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтардың бұзылуына байланысты талаптар қойған жағдайда, Мердігер авторлық құқық және бағдарламалық жасақтаманы, лицензиялар мен жабдықтарды пайдалану мәселелерінде кез келген ұсынушының алдында өз күшімен және қаражатымен (толық мөлшерде, оның ішінде залалдарды, айыппұлдарды тұрақсыздық айыбын және өзге де төлемдерді өтеуге) жауапты болады. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша өтініштер туындаған жағдайда Тапсырыс беруші барлық қолда бар ақпаратты поштаға жібереді_____. Сондай-ақ, Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдаланылатын жабдықтар мен лицензиялардың үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылуына кепілдік береді.

4.1.35. Мердігер Шартқа қол қойылғанға дейін орындалатын жұмыстардың бірлігі үшін құнын көрсете отырып, прайс беруге міндеттенеді.

4.1.36. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақтелеком» АҚ Өнім беруші кодексінің ережелерімен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделсе, Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.9. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделсе, Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету;

4.2.10. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделген болса, Мердігерге Тапсырыс берушіден алған алдын ала төлем сомасына қатысты Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы енгізген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.3.6. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделген болса, Мердігерге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3.7. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Ескертулер болған кезде орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан олар толық жойылғанға дейін бас тартуға;

4.4.8. Осы Шартта белгіленген көлемде, мерзімде және сапада жұмыстарды орындауды талап етуге;

4.4.9. Жобаны, ҚНЕ, №6 қосымшаға сәйкес құрылыс мерзімдерін бұза отырып, сондай-ақ осы Шартқа басқа да қосымшаларды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші құрылысты тоқтата тұруға, қаржыландыруды тоқтатуға немесе Шартты біржақты тәртіппен бұзуға (сатып алу шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады);

4.4.10. Тапсырыс берушінің пікірінше, құзыретсіз немесе тәртіпсіз жұмысшылар мен инженерлік-техникалық жұмыскерлердің кез келгенін жазбаша хабарламамен жұмыстан дереу шеттетуді талап етуге;

4.4.11. Тапсырыс беруші кез келген уақытта мердігердің жұмыстарды орындау барысына, ЕҚЕҚ (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары) талаптарының орындалуына, сондай-ақ құрылыс алаңындағы Тапсырыс берушіге тиесілі мүліктің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға құқылы;

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған жұмыстардың сапасы бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) шағымдарды Тапсырыс беруші Мердігерге олар анықталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда ұсынады. Мердігер шағымды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге дәлелді жазбаша жауап жіберуге міндетті. Мердігер дәлелді жауапты көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, шағым қабылданған болып есептеледі, егер Тараптар өзге мерзімді келіспесе, өз есебінен және өз күшімен анықталған кемшіліктерді жауап беру мерзімі өткен күннен бастап 15 (он) күнтізбелік күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жоюға міндетті.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың көлемі және/немесе сапасының тиісті деңгейде болмауы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

5.5. Құрылысқа байланысты жұмыстар орындалған жағдайда Тапсырыс беруші нақты орындалған көлемдер үшін тараптар қол қойған орындалған жұмыстар актілерінің негізінде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде аванстық төлемді есепке жатқызуды жүзеге асыра отырып және АКТ бойынша орындалған жұмыстар көлемінің 10% - ((ҚҚС-пен) резервте сақтай отырып, аралық төлем (ҚҚС-пен) жүргізеді. Шарттық бағадан 90% - дан аспайтын (ҚҚС-пен) төлеуге жатады. Орындалған жұмыстар үшін 10% (ҚҚС-пен) мөлшерінде түпкілікті есеп айырысуды Тапсырыс беруші анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, жұмыстар толық аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүргізеді (сатып алу шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Мердігер Жұмыс сапасының Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігіне кепілдік береді. Мердігер тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

беруші Объектіні қалыпты пайдаланған кезде осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда конструкциямен, материалдармен немесе жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап белгіленген 24 ай ішіндегі Жұмыстардың сапасына кепілдік береді

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулықтар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы ақаулықтарды жоюдың Кепілдік мерзімі осы ақауларды жою сәтінен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақаулықтарды жою бойынша кешіктіру Мердігердің кінәсінен орын алатын болса, онда кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Егер заң актілерінде немесе оларда белгіленген тәртіппен шарт бойынша орындалатын жұмысқа қойылатын міндетті талаптар көзделсе, Мердігер жұмысты осы міндетті талаптарды сақтай отырып орындауға міндетті.

6.6. Анықталған ақауларды тіркейтін актіні жасауға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өз өкілін жіберуге міндетті. Бұл жағдайда кепілдік мерзімі ақауларды жою кезеңіне ұзартылады (сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Мердігер, оның жұмыскерлері және тартылған қосалқы мердігерлер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, өндірістік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер әрбір анықталған бұзушылық фактісі үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеу түрінде жауапты болады. Тұрақсыздық айыбын төлеу Мердігерді жол берілген бұзушылықтарды жою және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеу міндетінен босатпайды.

7.2.4. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.5. Мердігер жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстар бойынша уақтылы жойылмаған ескертулер құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды;

7.2.6. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін;

7.2.7. Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің Шартты орындауға тартылған жұмыскерлерінің жалақысын көбейту және әлеуметтік қамсыздандыру шығындарын ұлғайту міндеттемелері орындалмаған жағдайда, Мердігер Мердігердің төлеуге тиісті немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдау-тапсыру туралы тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікке тартылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.8. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарының, жабдықтардың, бұйымдар мен конструкциялардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында (бар болса) көрсетілуі болмаған жағдайда мердігер Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде, оны жұмыстардың мердігері төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін (сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады);

7.2.9. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Мердігер Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл, тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан (оның ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету/аванстық қайтару сомаларынан, сондай-ақ мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы өзге де сомаларынан/берешегінен) ұстап қалуына келіседі) өсімпұл сомасын ұстап қалуға келіседі, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын ұстап қалу туралы Тапсырыс беруші Шарттың 9.3-тармағының талаптарына сәйкес Мердігерді хабардар етеді.

7.4. Шартты осы Шарттың 8.3-тармағында көзделген негіздер бойынша бұзған жағдайда, 8.3-тармақтың 3-тармақшасын қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7.5. Тапсырыс беруші:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ орындалмаған міндеттеменің құнынан 10% - нан аспауға тиіс.

7.5.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге (Тәртіпте/сатып алу талаптарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады);

7.5.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге енгізілген Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге жауапты (Тәртіпте / сатып алу талаптарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады);

7.5.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарт талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген, құжаттармен расталған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Жұмыстарды нақты орындаған кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.7. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.8. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шартты орындауды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Мердігерге оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалды ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды және / немесе айыппұлды) төлеуді Тараптар тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде жүзеге асырады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстарды енгізуге жол берілмейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.3.1. Осы Шартты орындау үшін қажетті мердігердің рұқсат беру құжаттарының болмауы не қолданылу мерзімінің өтуі;

8.3.2. Мердігердің Тапсырыс беруші сүйенген Шартты орындау үшін маңызы бар мән-жайлар туралы дұрыс емес куәліктер беруі;

8.3.3. Мердігердің Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір үшінші Тарапқа беруі;

8.3.4. Мердігер Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе басқа ақпараттың мазмұнын біреуге ашуы;

8.3.5. Мердігердің құрылысты бастауы Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша күнтізбелік 20 (жиырма) күннен артық кешіктірілуі.

8.4. Мердігер екінші тарапқа шартты бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Шартты біржақты тәртіппен 9.3-тармаққа сәйкес хабарлама жолдау жолымен бұзуға құқылы:

8.4.1. Тапсырыс берушіні белгіленген тәртіппен банкрот деп тану, Тапсырыс берушіге қатысты қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі рәсімдерді қозғау;

8.4.2. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлемді жүзеге асырудан бас тартуы;

8.4.3. Тапсырыс берушінің Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе басқа ақпараттың мазмұнын біреуге ашуы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты бір жақты орындаудан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шарттан бір жақты бас тартудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге, күшін жойған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Шарт бұзылған күнге Шартты орындаумен байланысты нақты шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы. Мердігердің алдын ала ескерту міндеттемелері Шарт бойынша міндеттемелерді, аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзу жағдайларына қолданылмайды.

8.8. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабының 1-тармағы 13) тш. көзделген жағдайларда Мердігер негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға Шарт сомасын бас тартқан жағдайларда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.9. Жазатайым оқиғаларға, жол-көлік оқиғаларына, авариялларға, өрттерге немесе өзге де инциденттерге, сондай-ақ Қоғамның мүлкіне залал келтіру қатерлеріне себеп болуы мүмкін ЕҚЕҚ талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші Мердігермен Шартты бұзуға құқылы.

8.10. Мердігер шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Мердігер Тапсырыс берушіге шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзған кезде Тапсырыс беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.11. Егер шарт Мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.12. Шарт Тарап тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң бұзылды деп есептеледі.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Тараптың атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, банк деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап бұл туралы екінші Тарапты 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Шартқа өзгерістер енгізуді талап ететін өзгерістер Шартқа қосымша келісім жасау арқылы ресімделеді. Заңды және (немесе) нақты мекенжайы өзгерген жағдайда, Шартқа қосымша келісім жасау талап етілмейді; мұндай өзгерістер екінші Тарап үшін тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап жарамды болып есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және шарт тараптары өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары қатарынан 3 (үш) ай бойына жалғасса және тоқтау белгілері анықталмаса, осы Шартты Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы бұзуы мүмкін.

11.3.1. Бұл жағдайда Тараптар Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде орындалмаған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысулар жүргізеді (ақшаны қайтару, өзара есеп айырысулар жүргізу).

11.4. Егер уәкілетті орган берген және еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындағанын куәландыратын құжат заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін қызметіне тыйым салудың және (немесе) оны шектеудің болуын растамаса, Тараптар қосымша растаушы құжаттарды сұратуға құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Мердігер Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер мен үлестес тұлғалар бойынша ақпаратты, сондай-ақ түпкілікті бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу туралы ақпаратты ашуды және тексеруді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.10. Мердігер осы Шартқа қол қою арқылы ресми сайтта https://telecom.kz/ru/pages/13695/172465?utm_source=footer&utm_medium=org&utm_campaign=newlink сілтемесі бойынша ашық қолжетімділікте орналастырған "Қазақтелеком" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын және оны қабылдағанын растайды: ".

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сот қарағаң жағдайларға қолданылмайды.

15. Санкциялық ескерту

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Мердігердің кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Мердігер: (a) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да, Мердігердің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Мердігердің Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Мердігер Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Мердігердің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Мердігер екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не теңге өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Мердігерді бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны теңге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы-Тараптың банктік шотының деректемелерін бірлесіп жазбаша нысанда келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

16. Өзге талаптар

16.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалды, Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ арқылы ЭСАЖ порталында электрондық түрде қол қойды және заңды күшке ие. Шартқа қатысты Тараптар алмасатын барлық хат-хабарлар мен өзге де құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

16.2. Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ арқылы ЭСАЖ порталында электрондық түрде қол қойған жағдайда, осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

16.3. Тапсырыс берушінің "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ (бұдан әрі-Қор) міндетті банктік ақпараттық пулына қатысуына байланысты мердігермен шарт бойынша ақпаратты қамтитын, контрагенттің атауын, шот нөмірін, төлемнің мақсаты мен сомасын қоса алғанда, Қордың Swift/КЦМР бірыңғай қауіпсіз арнасына банктік үзінді көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

16.4. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16.5. Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай қосымшалар бар:

16.5.1. "Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі" № 1 қосымша;

16.5.2. "Сатып алынатын жұмыстарға қойылатын талаптарды және тараптардың толық көлемде өзара іс-қимыл жасау тәртібін қамтитын техникалық ерекшелік" № 2 қосымша;

16.5.3. "Тауарлардың/жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің елішілік құндылығын болжамды/нақты есептеу" № 3 қосымша;

16.5.4. "Орындалған жұмыстар актісі" №4 қосымша;

16.5.5. "Шарттық баға ведомосы" №5 қосымша;

16.5.6. "Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесі" №6 қосымша;

16.5.7. "Бірыңғай шарттық бағалар каталогы" №7 қосымша.

17. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Қазақтелеком" АҚ
Астана қ., "Есіл" ауданы, Сауран, 12
БСН 941240000193
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ446017131000000356
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (717) 224-8907

_____ _____

_____
_____
_____
БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
706 Р	Аккумуляторларды/батареяларды жөндеу бойынша жұмыстар, Аккумуляторлар/батареялар мен ұқсас жабдықтарды жөндеу жұмыстары	ДЦБ_Работы по ремонту аккумуляторов/батарей источников бесперебойного питания	1.000	1.000	-		269 073 861.72	ҚАЗАҚСТАН, Павлодар облысы, Павлодар Қ.Ә., Павлодар қ., Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Машхур Жусупа, 325/3 (ДЦБ)	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Казахтелеком", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/субподрядчиком обязательств, предусмотренных пунктами 10 и 10-1 статьи 61 Порядка, в том числе посредством анализа итогов рассмотрения поставщиком работ коммерческих предложений, представленных посредством веб-портала закупок в рамках пункта 10 настоящей статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

1.2. Подрядчик обязуется полностью выполнить порученный ему объем работ согласно п. 1.1 настоящего Договора и Приложению №2 к Договору, начать выполнение работ с даты подписания договора сторонами, и завершить выполнение работ в срок, указанный в Приложении №1 к Договору. Стоимость материалов Подрядчика, при сдаче актов выполненных работ не должна превышать стоимость материалов в каталоге единичных расценок (далее - КЕДР).

1.3. Место выполнения Работ согласно Приложениям №1, №2 к Договору.

1.4. Работы выполняются с иждивением Подрядчика. Обязанность по материально-техническому обеспечению Работ, включая поставку материалов, деталей, конструкций и оборудования, несет Подрядчик, за исключением случаев, когда условиями закупки предусмотрено предоставление материалов Заказчиком.

1.5. Подписанием Договора Подрядчик подтверждает, что имеет все необходимые полномочия, ресурсы и разрешительные документы для заключения и исполнения Договора.

1.6. Подрядчик подтверждает, что ознакомился с проектно-сметной документацией и не имеет замечаний к объему и условиям выполнения Работ на дату подписания Договора.

2. Сумма Договора и условия оплаты

